

► ТӨРБИЕ

БІЛІМДІ ЖАС – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ

Тәуелсіз ел болашағы – білімді ұрпақ. Бүгінгі таңда басты мәселе бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген нақыл сөзден қазақ халқының бұрынғы замандардан-ақ білімнің қадірін білгендердің аңгару қыын емес. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман.

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мұдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық.

XXI ғасырдың басты талабы – оқытуудың жаңа технологиясын енгізу, білім берудің акпарағаттандыру, халықаралық, ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу екендігін ескеріп, заман талабына сай енгізілуде.

Осы тұста іргелі оқу ордамыз М.Әуезов атындағы ОҚУ Музыкалық білім және көркем еңбек кафедрасындағы әрбір оқытушы дәріс барысында, жастарға тек білім берін қана қоймай оларға өнегелі тәрбие беру, рухани азықтандыру мақсатында әртүрлі іс-шаралар өтеді. Студенттерге өткенімізді насиҳаттау, болашаққа дұрыс бағыт-бағдар көрсете отырып, заман талабына сай тәрбие беру – саналы ұрпақтың қалыптасуының бірден-бір жолы. Ис-шаралар барысында студенттер жан-жақты тәрбие алып, рухани сусындейды. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, пәрасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді азаматтармен бірлесе өмір сүрген жастар өз бойында білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдерді қалыптастыратыны сөзсіз.

С.АГАБЕКОВА,

М.Әуезов атындағы ОҚУ
Музыкалық білім және көркем еңбек
кафедрасының аға оқытушысы